Қорғалатын корпус пен жер арасындағы өте аз мөлшердегі кедергісі бар байланыс орнату қорғаныс жерлендірілудің міндеті. Егер қондырғының корпусына тұйықталу болған жеріне адам жолаған кезінде оның денесінен оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін ток өтпес үшін (параллельді біріктіру).

Жерлендіру жұмыс істеп тұрған, қорғаушы және найзағайдан қорғаушы болуы мүмкін.

Қорғаушы жерлендіру түрі деп жерге немесе корпусқа тұйықталу болған кезде адам мен жануарлардың электрлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жұмыс істеп тұрған жерлендіру деп қондырғылардың қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз еті үшін қолданады. Барлық түрлері үшін бір түрлі жерлендіру құрылғысын қолданады. Жоғарыдағыдай типтерге бөлу себептері олардың арналымдарын ажырату үшін.

Жабық таратушы құрылғысы 220/110/35 кВ «Донское - 2» бірнеше қабатты жерде орналасқан, меншікті кедергісі бар беткі қабатқы $\rho_{1изм}$ және төменгі қабатқы $\rho_{2изм}$ бар жерлендіруші құрылғысын жасайық.

Диаметрі d және ұзындығы l болатын контурдың периметріне тігінен стерженьдерді жерге қағып қоямыз.

110 кВ және одан жоғары кернеулі қондырғыларда жерлендіруші құрылғы тік жерлендіргіштерден, біріктіруші жолақтардан, жабдықтардың айналасына орналастырылатын жолақтар мен көлденең бағытта жатқызылатын және айнымалы қадаммен жерлендіргіш тор шығаратын түзетуші жолақтардан тұрады. Жолақтар арасындағы қашықтық 30м-ден кем болмауы тиіс.

Бастапқы мәндер:

Ауданы 68×93 $м^2$, ρ_1=500$Ом \cdot м$ (мұздау ескерілуімен) , ρ_1=60$Ом \cdot м$, h_1=2$м$, t=0,7м, lg=5$м$, $t_{рз}$=0,12с, $t_{отк.в}$ = 0,08с, $L_г$ =125$м$, қосалқы станцияда бірфазалы ҚТ болғанда жерлендіргіштерінен өтетін ток $I_з$ = 6,648 $кА$. Табиғи жерлендіргіштер жоқ.

Есептептеме ұзақтығына әсер етуіне байланысты:

$$\tau_в = t_{р.з.} + t_{отк.в}, \qquad (6.1)$$

$$\tau_В = 0{,}12 + 0{,}08 = 0{,}2с.$$

$\tau_В = 0{,}2с$ үшін $U_{пр.доп.} = 400В$ тауып аламыз.

Жанасу коэффициенті келесі формула арқылы табылады:

$$\kappa_{П} = \frac{M_{\beta}}{\left(\frac{l_{\beta} \cdot L_{Г}}{a \cdot \sqrt{S}}\right)^{0,45}}, \qquad (6.2)$$

$$\kappa_{П} = \frac{0,806 \cdot 0,57}{\left(\frac{5 \cdot 125}{5 \cdot \sqrt{68 \cdot 93}}\right)^{0,45}} = 0,37,$$

мұндағы l_{β} – тік жерлендірудің ұзындығы, м;

$L_{Г}$ – көлденең жерлендіргіштердің ұзындығы, м;

a – тір жерлендіргіштердің ара қашықтығы, м;

S – жерлендіргіш құрылғының ауданы, м^2;

M - ρ_1 / ρ_2 қатынасынан тәуелді параметр.

$\rho_1 / \rho_2 = 500 / 600 = 8,3 Ом \cdot м,$ болса онда $M = 0,806$ тең болады.

β – адам денесінің кедергісі $R_{Ч}$ мен ток ағымының кедергісіне R_C қатысты анықталатын коэффициент:

$$\beta = \frac{R_{Ч}}{R_C + R_{Ч}}, \qquad (6.3)$$

Есептемелерде $R_{Ч}$ = 1000 Ом; R_C = 1,5 $\rho B, C,$ жоғарғы қабаттың меншікті кедергісі $\rho B, C = 3000 Ом \cdot м$ (қиыршық тастың), онда:

$$\beta = \frac{1000}{1,5 \cdot 500 + 1000} = 0,57.$$

Жанасудың ең жақын рұқсат етілген мәнін біле тұра жерлендіргіштегі кернеуді анықтаймыз:

$$U = \frac{U_{пр.доп}}{k_{П}}, \qquad (6.4)$$

Жерлендіргіштегі потенциал:

$$U_{з} = \frac{400}{0,37} = 1081,08 B,$$

рұқсат етілген аралық арасында (10кВ-дан төмен).

Жерлендіргіш құрылғының кедергісі келесі формуламен анықталады:

$$R_{З.доп} = \frac{U_З}{I_З}, \tag{6.5}$$

$$R_{З.доп} = \frac{1081{,}08}{6648} = 0{,}163 Ом.$$

Квадрат жағынан ұяшық саны:

$$m = \frac{L_Г}{2\sqrt{S}} - 1, \tag{6.6}$$

$$m = \frac{125}{2\sqrt{68 \cdot 93}} - 1 = 0{,}214.$$

m = 1 деп қабылдаймыз.

Есептік модельдің жолақтарының ұзындықтары:

$$L_Г = 2\sqrt{S} \cdot (m+1), \tag{6.7}$$

$$L_Г = 2 \cdot 79{,}52 \cdot 2 = 318{,}09 м.$$

Жақтарының ұзындықтары:

$$b = \frac{79{,}52}{3} = 26{,}51 м.$$

a / b = 1 болғандағы кескіннің периметріне байланысты тік жерлендіргіштердің саны:

$$n_В = \frac{4\sqrt{S}}{1 l_В}, \tag{6.8}$$

$$n_В = \frac{4 \cdot 79{,}52}{5} = 63{,}62,$$

$n_В = 63$ тең деп қабылдаймыз.

Тік жерлендіргіштердің жалпы ұзындығы:

$$L_В = l_В \cdot n_В, \tag{6.9}$$

$$L_B = 5 \cdot 63 = 315 м.$$

Қатысты тереңдік:

$$\frac{l_B + t}{\sqrt{S}} = \frac{5 + 0{,}7}{79{,}52} = 0{,}072 \geq 0{,}1,$$

онда

$$A = 0{,}385 - 0{,}25 \frac{l_B + t}{\sqrt{S}} = 0{,}385 - 0{,}25 \cdot \frac{5 + 0{,}7}{79{,}52} = 0{,}369.$$

7.6 кестесіне байланысты

$$\rho_1 / \rho_2 = 8{,}3; a / l_B = 1;$$

$$\frac{h_1 - t}{l_B} = \frac{2 - 0{,}7}{5} = 0{,}26,$$

$\rho_э / \rho_2 = 1{,}4$ анықталып, онда $\rho_1 = 1{,}4; \rho_2 = 1{,}4 \cdot 60 = 84 Ом \cdot м$.

Қиындатылған жерлендіргіштің жалпы кедергісі:

$$R_З = A \frac{\rho_Э}{\sqrt{S}} + \frac{\rho_Э}{L'_Г + L_B}, \qquad (6.10)$$

$$R_З = 0{,}369 \frac{84}{79{,}52} + \frac{84}{318{,}09 + 315} = 0{,}523 Ом,$$

$R_{З.доп} = 0{,}163 Ом$ рұқсат етілгеннен жоғары.

Жанасудың кернеуін табайық:

$$U_{пр} = k_п I_З R_З = 0{,}37 \cdot 6648 \cdot 0{,}523 = 1286{,}45 В,$$

Рұқсат етілген мәннен 400В жоғары.

$U_{пр}$-ды жерлендіргіш құрылғыны қосалқы станциясынан алшақтату арқылы немесе жерлендіргіштерді қолдану арқылы төмендету шараларын қолдану қажет.

Жұмыс орны астына қиыршық тасты 0,2 м қалыңдықта салу керек. Жоғарғы қабаттың меншікті кедергісі (қиыршық тастың) $\rho_{в,с} = 4000 Ом \cdot м$-ға тең болады, онда:

$$\beta = \frac{1000}{1{,}5 \cdot 4000 + 1000} = 0{,}14;$$

$$\kappa_{П} = \frac{0{,}806 \cdot 0{,}14}{\left(\frac{5 \cdot 125}{5 \cdot \sqrt{68 \cdot 93}}\right)^{0{,}45}} = 0{,}092.$$

Қиыршық тас салынуы жерлендіргіштен ток өтуіне еш әсерін тигізбейді. Себебі жерлендіргіштердің жер астында 0,7м қалыңдығы қиыршық тастың салынуының қалыңдығынан көп. Сондықтан ρ_1 / ρ_2 қатынасы мен М – нің мәні еш өзгеріссіз қалады.

Онда:

$$U_{з} = \frac{400}{0{,}92} = 4347{,}83,$$

рұқсат етілген мәннен төмен (10кВ).

$$R_{З.доп} = \frac{4347{,}83}{6648} = 0{,}654 Ом.$$

Осылайша,

$$R_{З.доп} = 0{,}523 Ом \le R'_{З.доп} = 0{,}654 Ом.$$

Жанасу кернеуі:

$$U_{пр} = k_n' I_З R_З, \qquad (6.11)$$

$$U_{пр} = 0{,}092 \cdot 6648 \cdot 0{,}523 = 319{,}87 \text{ В}.$$

Осы есептемелерге қарай отырып қиыршық тасты төсеу тиімді екенін байқаймыз.

Бір фазалы ҚТ болған жағдайдағы қосалқы станцияның жерлендіргіштерінен өтетін ең жақын мәндегі рұқсат етілген токты тауып көрейік:

$$I_{З.мах} = \frac{U_{пр.доп}}{\kappa_{П} \cdot R_З}, \qquad (6.12)$$

$$I_{З.мах} = \frac{400}{0{,}37 \cdot 0{,}523} = 2067{,}07 A.$$

Жоғары ток мәндерінде жолақ торларын жиілете отырып немесе қосымша тік жерлендіргіштерді қосу арқылы $R_З$ – ті төмендету қажет.

7 Өмір тіршілік қауіпсіздігі

7.1 Электр қауіпсіздіктің негізгі жайттары

Қазақстан Республикасының электрфикациясының дамуы электр қондырғыларды шығару және еңгізумен қатар телемеханика мен автоматика құралдарын, түрлі электртехникалық қондырғылардың электр беріліс желілерін, заманауи жоғары тиімді электр машиналары мен аппараттарын қолданумен жүзеге асады.

Көпшілік электрқабылдағыштардын қауіпсіз және апатсыз пайдаланылуы оған қызмет көрсететін және қолданатын жұмысшыларға еңбек қорғау бойынша күрделі мәселелер қояды.

Электрфикацияланған өндірістік қондырғыларды пайдаланатын жұмысшылар мен электртехникалық қызметкерлердің қауіпсіз және сау жұмыс шарттары электр қондырғыларды қолдану ережелері мен нормалардың орындалуымен қамтамасыз етіледі.

Электр қауіпсіздік мәселесінің дұрыс шешілуі адамның электр энергияны әртүрлі жағдайларда қауіпсіз қолдануымен қамтамасыз етілу керек.

Электр қондырғылардың транспорттағы және транспорттық құрылыстағы біршама бөлігі шаң-тозаң, дымқыл және ылғал атмосфералық шықтың әсеріне ұшарайтын қолайсыз жағдайларда жұмыс істейтінін ескеру қажет. Аталған жағдайлар адамдарды электр тогымен зақымдану қауіптілігінің дәрежесін анағұрлым жоғарлатады. Сондықтан, электр тогын түрлендірумен, тұтынумен және электр жабдықтаумен байланысты жұмыстарды жүргізу электр қауіпсіздік ережелерін нақты білуді қажет етеді.

Қазіргі уақытта түрлі жағдайларда жұмыс істейтін қорғаныс аспаптары мен құралдары тұрақты жетілдіріліп, бақылау электр қондырғылардың аппараттарының конструкциясы жақсартылады.

Бірақ бүгінгі күнде электр зақымдаушылық зақымданушылық арасында бірінші орында тұр.

Электр қауіпсіздік ережесін сақтамау көп жағдайларда экономика объектілердің бірқатар материалды зақымдануына әсер ететін өртке, көп жағдайларда адамдардың жарақат алуы мен кейде адам өліміне әкеледі.

7.2 Электр зақымдаушылықтың негізгі себебтері

Электр зақымдаулар электр тогының адам денесі арқылы өтуі немесе оның электр доға сферасына түсуі кезінде пайда болады.

Электр зақымдаулардың пайда болуының практикалық шарттары: кернеу астындағы (жалаңаш сымдар, лампалы патрондардың қысқыштар және т.б.) токөткізгіш бөліктеріне жанасуы; оқшауламаның зақымдануы кезіндегі кернеу астында қалған электр қондырғының және электр тораптарының конструктивті бөліктеріне жанасуы (мысалы, корпусқа тұйықталған электр қозғалтқыш корпусына жанасуы және т.б.); жерге тұйықталу орнына жақын орналасуы (мысалы, жерде жатқан немесе жерге жанасқан үзілген сымға

жақын); кездейсоқ кернеу астында қалған металл заттарға жанасуы (мысалы, потенциал пайда болған ғимараттың дымқыл қабырғалары немесе ваннаға).

7.3 Адамның электр тогымен зақымданудың ерекшеліктері

Электр тогымен зақымданудың ерекшеліктері бар:

- Қаупі төніп тұрғанын адам сезім мүшесімен (көру, есту, сезу) алдын-ала анықтай алатын, сыртқы көрсеткіштердің жоқтығы;
- Электрзақымданудың нәтижесі көп жағдайларда күрделі (еңбеккеқабілеттілігін жоғалту, әдетте ұзаққа созылады; қатерге ұшыруы да мүмкін);
- Адамның ток өткізгіш бөліктеріне (6-10 мА өлшеміндегі өнеркәсіптік жиілікті тогы бұлшықеттердің қарқынды түйілуін қоздыру мүмкін) «бұғалануынан» өздігінен ток әсерінен босай алмайды;
- Механикалық жарақаттануы мүмкін, мысалы жылдам тарту реакциясы немесе токпен зақымдану нәтижесінде естен тану кезінде биіктіктен құлау.

7.4 Электр тогының адамға әсер ету түрлері

Электр тогы тірі ағза арқылы өткенде, келесі әсерлері бар:

- термиялық (күйіктер, қан тамырларының қызуы мен зақымдануы);
- электролиттік (қан құрамының бұзылуы мен шіруі, адам ағзасының жасушасының жылжуы немесе жарылуы);
- биологиялық (ағзадағы биоэлектрлік процесстердің бұзылуы салдарынан жүрек және өкпе бұлшық етінің еріксіз түйілуімен қатар жүретін, ішкі биоэлектрлік процесстердің бұзылуы, тірі ағзалардың қозуы мен тітіркенуі);
- механикалық (сүйектер мен ұлпалардың, қан тамырлары мен жүйкелердің жарылуы, буындардың таюы).

Электр тогы екі түрлі: электрлік зақымдану және электрлік соққыларға әкеледі.

Зақымдану көп жағдайларда электр доғаның әсерінен болады.

Электрлік соққы кернеу астында қалған бөліктерге адамның жанасуынан пайда болады.

Еің қауіптісі электр соққы болып табылады, өйткені ол жүректің және өкпенің тоқтауына әкеледі.

Электр тогы әсерінен пайда болған зақымдану ішкі және сыртқы, сонымен қатар жергілікті және ортақ болып жіктеледі.

Жергілікті электр зақымдану – адамның электр өткізгішпен немесе электр доғамен жанасу жеріндегі зақымдану.

Ортақ электр зақымдану – бүкіл ағзаның зақымдану, - орталық жүйке жүйенің зақымдануы.

Ішкі зақымдануға: тыныстың сал болуын, жүректің фибрилляциясын, электр соққыны, электрлік есеңгіруді, ішкі мүшелердің механикалық зақымдануы жатады.

Сыртқы электр зақымданудың түрлерң:

Электрлік күйік; электрлік белгі; терінің электрметализациялануы; электроофтальмия, сыртқы мүшелердің механикалқы зақымдануы (құлаған жағдайда, терінің зақымдануы, соғып алулар).

7.5 Адамдарды электр тогымен зақымданудан қорғау

Адамдарды электр тогымен зақымданудан қорғау – профилактикалық іс-шаралар комплексін жүзеге асырумен байланысқан, маңызды инженерлік мәселе.

Барлық еңбек қорғаудың құқықтық мәселелері мен электр қауіпсіздік бойынша ҚР Конституциясымен шешіледі.

Адамдарды электр тогымен зақымданудан қорғау – оның алдын алатын іс-шаралар комплексінің іске асырылуымен байлансықан маңызды инженерлік мәселе.

Мемлекетіміздегі электр қауіпсіздік пен еңбек қорғаудың барлық құқтық мәселелері ҚР Конституциясымен шешіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында қауіпсіздік талаптарға сай еңбек шарттарында мемлекет азаматының құқығы тіркелген. Мемлекеттік басқарушылардың Заңнамалық мүшелерімен еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне үлкен назар аударылады. (2007 ж.) «ҚР Еңбек Кодексі» ҚР еңбек қорғау заңнамаларымен реттемеленетін негізгі құжат болып табылады.

Тәжірибеде мемлекеттік комитеттер, министірліктер және ведомстволардың еңбек қауіпсіздігін ескеретін түрлі нормативтік құжаттарды өңдеп, жетілдіруші еңбек қауіпсіздігі туралы заңнаманың негізгі жағдайларының дамуы.

Бұл мәліметтер немесе сала аралық ережелер шаруашылық объектілердің барлық салаларына арналған.

Электр қауіпсіздіктің ортақ ережелері болып, сондай-ық «Электр қондырғыларды орнату ережелері» (ЭОЕ), «Тұтынушы электр қондырғыларын техникалық пайдалану ережелері» (ЭТЕ), «Тұтынушы электр қондырғыларын пайдаланудың қауіпсіздік техникасы ережелері» (ҚТЕ). Бұлар электр қауіпсіздік бойынша Мемлекеттік стандарттар.

Тұтас еңбек қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжаттар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзара байлансықан стандарттар жүйесінің комплексі «Еңбек қауіпсіздігі стандарттар жүйесімен» (ЕҚСЖ). ЕҚСЖ Мемлекеттік стандарттарды, Салалық стандарттарды және Өндірістік стандарттарды қолдануды ескереді.

Сонымен қатар типтік және ведомстволық нұсқауламалары да қолданылады.

Электр қауіпсіздік нормалары ГОСТ 12.1.038-88 ЕҚСЖ стандарттарымен реттемеленеді.

Электр қауіпсіздік – адамдарды зақымды және қауіпті электр тогы мен электр доғасы, электр магнитті өріс пен статикалық электр әсерінен қорғайтын құқықтық, ұйымдық және техникалық шаралар мен тәсілдер жүйесі.

Электр зақымдану – электр доға немесе электр тогы әсерінен пайда болатын зақым.

Аз кернеу – электр тогымен зақымдану қаупін төмендету мақсатында қабылданатын, 42В аспайтын номинал кернеу.

Адымдық кернеуі – бір уақытта адам тұрғанда, біріншінің екіншіге қатысты адым арақашықтығында (80 см) тұрған ток тізбегіндегі екі нүкте арасындағы кернеу.

Жерлендіргіш – жермен жанасқан, өзара металлмен жалғанған өткізгіш (электрод) немесе өткізгіштер жиынтығы (электродтар).

Қорғаныс жерлендіру – кернеу астында қалған әдейі жермен немесе оған эквивалентті металл ток өткізбейтін бөліктерімен электрлік жалғану.

Табиғи жерлендіргіш – жерленуге қолданылатын өндірістік немесе басқа мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникацияның электр өткізгіш бөліктерінің жермен жанасуы. (ғимараттардың метал конструкциясы, ғимараттар мен құрылыстардың темір бетонды конструкциясының арматурасы, электр кабельдерінің қорғаныс қабықшасы).

Жасанды жерлендіргіш – жерленуге арналған жерлендіргіш. (қабырғасының қалыңдығы 3,5 мм кем емес, диаметрі 25-60 мм жерге тік орнатылған болат құбырлары; бұрыштық болат; металл өзекшелері; көлденең орналасқан болат жолақтар).

Бір фазалы жанасу – кернеу астында қалған электр қондырғының бір фазасына жанасу.

Электр қондырғыларға қызмет көрсету кезіндегі еңбек қауіпсіздігі мен жұмыс сенімділігін қамтамасыз ету үшін, электр қондырғыны пайдаланудың техникалық ережелерін тура сақтау қажет және электр зақымданудан қорғаныс іс-шараларын өткізу.

Қоғаныс құралдары ток адам денесі арқылы өткізігіш бөліктерімен өтетін токты азайтуға немесе кернеу астында жұмыстарды орындауға қажет. Аталған азайтуларға екі әдіс бойынша қол жеткізуге болады: жанасу кернеуі қауіпсіз шамаға дейін азайтылады немесе нөлге тең болады.

Элект энергияны қабылдағыштың жаңа түрлерінің пайда болуы мен техниканың дамуына қарай қоғаныстың жаңа түрлері щығарылуда.

Қазіргі уақытта келесі құралдар кең қолданыс тапты:

- қоғаныс жерлендіру;
- нөлдеу;
- қорғаныс ажырату;
- жүйені қорғаныстық бөлу;
- аз кернеулерді қолдану;

- оқшауламаны қолдану;
- кездейсоқ жанасудан қорғаныс;
- оқшаулама қорғаныс құралдары.


Электр қондырғыларды қолданудағы аталған немесе одан өзгеше техникалық құралдар түрлерін қолдану қажеттіліг электр қондырғыларды орнату Ережелерінде мен тұтынушылармен электр қондырғыларды қолдану Ережелерінде көрсетілген. Соған қарамастан, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері әдетте жобалау кезеңінде талқыланады; ГОСТ 2.119-73 талабына сай, эскиз жоба кезеңінде қауіпсіздікті қамтамсыз ететін жобаланытын объектінің бағдарламасы жасалып шығарылу қажет. Құрастырушының өнері объектіде қауіпті жағдайлардың пайда болуы мүмкін себептердің сауатты анализінен және объектіде тиімді қорғау құралдарын таңдаудан тұрады.

Қорғаныстық жерлендіру – бұл кернеу астында қалуы мүмкін ток өткізбейтін металл бөліктерінің жермен әдейі жалғануы. Ол электр қондырғының корпусына жанасу жағдайында және корпусқа тұйықталу салдарынан кернеу астында қалған басқа да металл ток өткізбейтін бөліктерін электр тогымен зақымданудан қорғайды. Электр машина мен трансформаторлардың, аппараттар мен басқару шкафтарының, жарықтандырғыштардың, тарату қалқандарының каркастары, кабельді конструкциялар мен жалғандырғыш муфталардың, электр өткізгіштердің құбырлары және т.б. металл корпустары жерлендіріледі. Қорғаныстық жерлендірудің маңыздылығы – токтың негізгі бөлігі жермен өту үшін, ал жанасу кернеуі қауіпсіз шамаға төмендейтіндей, адам денесінің кедергісінен анағұрлым аз, барлық металл конструкциялары жермен аз кедергімен жалғанады.

7.6 Қорғаныстық жерлендіруді есептеу

Жерлендіргіштің кедергісі - қорғаныстың жерлендіргіш құрылғысын сипаттайтын негізгі параметрі болып табылады. Қорғаныс жерлендіргіштің кедергісі жасанды жерлендіргіштері орнатылған топырақтың өлшеміне, пішініне, тереңдігіне және ылғалдылығына тәуелді болады.

Жерге қандай да бір тереңдікте тік орнатылған бір құбырлы жерлендіргіштің кедергісі:



мұндағы d – жерлендіргіштің диаметрі, м

l – жерлендіргіштің ұзындығы, м

t_0 – жер бетінен санағандағы арақашықтық, м

$t=t_0+l/2$, *м*

Мұндай жерлендіргіштің кедергісі төменгі формуламен есептелінеді:

$$R_{TP} = 0{,}366\frac{\rho_p}{l}(\lg\frac{2l}{d} + \frac{1}{2}\lg\frac{4S+l}{4S-l}), \text{ Ом}, \qquad (7.1)$$

мұндағы ρ_p – топырақтың есептік кедргісі, Ом*м

Онда

$$\rho_p = \rho_{гр} * K_c, \text{ Ом*м}, \qquad (7.2)$$

мұндағы $\rho_{гр}$ – топырақтың электр кедергісінің меншікті бейімделген шамасы, Ом*м.

K_c – жыл мерзіміндегі топырақтын электр кедергісін жоғарлану мүмкіндігін есептейтін, мерзімдік коэффициенті (1,5-2,2)

7.1 кесте - Топырақ пен судың меншікті электр кедергісінің бейімделген шамалары $\rho_{гр}$, Ом*м

Қиыршық тас, гравий	2000	Бор	60
Құм	700	Балшық	40
Құмдақ	300	Торф	20
Қара топырақ	200	Өзен суы	50
Саз	100	Теңіз суы	1

Тік орнатылғын жерлендіргіштердің саны шамалап төмендегідей есептелінеді:

$$n = \frac{R_{TP}}{\eta_{TP} * r_ç}, (4.3)$$


мұндағы η_{TP} – құбыр мен бұрыштардағы жерлендіргіштердің қолдану коэффициенті;

$r_з$ – жерлендіргіш құрылғының шектік рұқсат етілген шамасы, Ом

($r_з$=4Ом U=1000В кернеулі электр жүйелері үшін;

$r_з$=0,5 және 10 Ом 1000В аса кернеулі жүйелері үшін, сәйкесінше жерлендірілген және оқшауланған бейтараптамалар).

Жолақты жерлендіргіштің кедергісі



b – жолақтың ені, м
l – жолақтың ұзындығы, м
h – беттен арақашықтық, м

Осы жерлендіргіштің кедергісі төменгі формуламен есептелінеді:

$$R_{ï} = 0{,}366 * \rho_P / l(\lg \frac{2 * l^2}{b * h}) \text{, Ом,} \qquad (7.4)$$

Жолақтың қимасы 100-120 мм^2 кем емес болу керек. Жалғанатын жолақтың ортақ ұзындығы (яғни, тігінен орналасқан жерлендіргіштерді қосады):

$$l=1{,}05*a*n, \text{ м,} \quad (4.5)$$

мұндағы *a* – тік жерліендіргіштер арасындағы арақашықтық, м
n – тік жерлендіргіштердің саны.

Жерлендіргіш құрылғының ортақ кедергісі

$$R_{ãð} = \frac{R_â \cdot R_ã}{R_â \cdot \eta_ã + n \cdot \eta_â \cdot R_ã} \text{, Ом,} \qquad (7.6)$$

мұндағы $h_П$ – байланыс жолағын қолдану коэффициенті

Берілгені: кернеуі 10 кВ оқшаулама бейтараптамалы торап; ұзындығы *l*=2,5 және диаметрі d=0,05 тік электродтар; топтық жерлендіргіштегі құбырлар арасындағы арақашықтық a=5 м; ені b=0,05 м көлденең болат жолақ; орналасу тереңдігі to=0,5 м; топырақ – құмдақ. Диспетчерлік орталығы III климаттықаймақта орналасқан. Жерлендіргіш сұлбасы – контурлы. Табиғи жерлендіргіштер жоқ.

Шешімі. 1) кернеуі 100 кВ асатын және кернеуі 10 кВ оқшаулама бейтараптамалы торабы қолданғандықтан, жерлендіргіш құрылғының рұқсат етілген кедергісі $R_з \leq 10$ Ом.

2) Кесте 4.1 бойынша құмдақ үшін меншікті кедергісі $\rho_{гр}$=300 Ом·м. III климаттық аймаққа үшін, нормаға сай мерзімдік коэффициенті:

- $К_с$=1,5 тік электродтар үшін
- $К_с$=2 көлденең жолақтар үшін

Онда топырақтың есептік меншікті кедергісі:

тік электродтар үшін:

$$\rho=\rho_{гр}\cdot K_c=3001{,}5=450\ Ом\cdot м$$

көлденең жолақтар үшін:

$$\rho=300\cdot 2=600\ Ом\cdot м$$

3) t_o орналастыру тереңдігінде тік электродтардың кедергісі келесі формуламен анықталады:

$$R_в=0{,}366\frac{\rho}{\ell}\left(\ell g\frac{2\ell}{d}+\frac{1}{2}\ell g\frac{4S+\ell}{4S-\ell}\right),$$

мұндағы $S=t_o+0{,}5\ell=0{,}5+0{,}5\cdot 2{,}5=1{,}75$ м

$$R_â=0{,}366\cdot\frac{450}{2{,}5}\cdot\left(\ell g\frac{2{,}5\cdot 2}{0{,}05}+0{,}5\ell g\frac{4\cdot 1{,}75+2{,}5}{4\cdot 1{,}75-2{,}5}\right)=1420\ Îì$$

4) $\eta_в$=1 болғанда, 3.3. формуласы бойынша тік құбырлардың бастапқы санын анықтаймыз:

$$n_1=\frac{R_в}{\eta_в\cdot R_з}=\frac{142}{1\cdot 4}\approx 36$$

n_1=36 мен a/*l* =5/2,5=2 қатынасы үшін, 3.5 кестедегі интерполяцияны есептегендегі қолдану коэффициентін анықтаймыз $\eta в_1$=0,59.

Тік электродтар санын нақтылаймыз:

$$n_2=\frac{142}{0{,}59\cdot 4}=60$$

n_2=60 и a/*l* =2 үшін 3.5 кесте бойынша $\eta в_2$=0,55 анықтаймыз.

Онда

$$n_3=\frac{142}{0{,}55\cdot 4}=64{,}6\approx 64$$

n_3=64 и a/*l* =2 үшін 3.5 кесте бойынша $\eta в_3$=0,545 анықтаймыз

$$n_4=\frac{142}{0{,}5454}=65{,}1\approx 65$$

Осылайша, n_3 мен n_4 арасындағы айырмашылық 1 кем, сондықтан пайдалану коэффициенті $\eta_в=0{,}545$ тең, тік электродтар санын n=64 қабылдаймыз

5) 3.4 кестеге сәйкес, t_o орналасу терңдігінде жолақты жерлендіргіштің кедегісі:

$$R_г=0{,}366\frac{\rho}{L}\cdot\ell g\frac{2L^2}{bt_o},$$

мұндағы L – контурлы сұлбадағы жалғанатын жолақтын ұзындығы, 4.5 формуласымен анықталады:

$$L=1{,}05an=1{,}05\cdot 5\cdot 64=336\text{ м},$$

онда

$$R_г=0{,}366\frac{600}{336}\cdot\ell g\frac{2\cdot 336^2}{0{,}05\cdot 0{,}5}=4{,}55\text{ Ом}$$

6) 3.6 кестесі бойынша a/*l* = 2 қатынасындағы және n=64 электрод санында контурлы сұлбадағы $\eta_г=0{,}265$ $\eta_г$ жалғанғыш жолақты пайдалану коэффициентін анықтаймыз.

7) 3.6 формуласымен топтық жерлендіргіш таралуының ортақ кедергісін анықтаймыз:

$$R_{гр}=\frac{R_в\cdot R_г}{R_в\cdot\eta_г+n\cdot\eta_в\cdot R_г}=\frac{142\cdot 4{,}55}{142\cdot 0{,}265+64\cdot 4{,}55\cdot 0{,}545}=329\text{ Ом}$$

Топтық жерлендіргіштің кедергісі жерлендіргіш құрылғының рұқсат етілген кедергісінен аз болғандықтан, яғни $R_{гр}<R_з$, онда процесстің $t_o=0{,}5$ м тереңдігіндегі ұзындығы $L_г=336$ м және ені b=0,05 м болат жолақпен контурлы сұлбаға жалғанған, ұзындығы *l*=2,5 м және диамтері d=0,05 м 64 тік электродты қорғаныс жерлендірілуі.

8 Экономикалық бөлім

8.1 Донское – 2 қосалқы станциясының құрылысы

8.1.1 Түйіндеме.

Донское – 2 атты қосалқы станциясы Ақтөбе облысында электр энергиясын 220 кВ-тан 110 кВ-ға және 10 кВ-ға жүзеге асыруға арналған.

Бұл қосалқы станцияны салу үшін, тариф бойынша электр энергиясын тасымалдау үшін ЖШС Maksat Energy ойлап табылады. Бұл ЖШС келесі қызметтерді атқарады:

- сауда-саттық және дайындық қызметі бойынша әрекеттер;
- саудалық әрекеттерді ұйымдастыру және енгізу;
- сыртқы экономикалық қызметтерді іске асыру.

Қосалқы станцияның құрамына 220/110/10кВ кернеуі және 63 МВТ қуаты бар екі автотрансформатор, 110кВ және 220 кВ кешенді-таратқыш құрылғылар, жиынтықты таратқыш құрылғы 10 кВ кіреді. Қосалқы станция құрылысына жұмсалынатын капиталды қаражат 357,6 млн тенге, ал өтелу мерзімі 3 жыл.

8.1.2 Өтім нарығына сараптама.

Қосалқы станция Еуразия континентінің ортасы, Қазақстан Республикасының оңтүстік-батысы, Ақтөбе облысында орналасқан. Ақтөбе облысы үш түрлі климаттық зоналарда орналасқан. Облыстың оңүстігі таулы климаттық зона, 50°төмен енділікте – жартылай шөл зона, Арал теңізіне қарай оңтүстік бөлігінде орналасқан. Климаты,әдетте, өкпек континенталды.

220/110/10 кВ қосалқы станциясы, құрылыс жобасы ретінде ЖШС Энергосистема атты Ақтөбелік таратқыш электртораптық компаниясының меншігі болып саналады. Донское – 2 қосалқы станциясы Ақтөбе облысының Хромтау ауданын электр энергиясымен жабдықтаудың маңызды бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда ол аудан өте тез дамып жатыр және оның берікті электрмен жабдықталуы – бұл электртораптық компанияның бірінші реттік мақсаты.

Ақтөбе облысында 220 кВ қосалқы станция сақиналы электрмен жабдықтауды орындайды, 110 кВ шиналардан 110 кВ жүйелер, ал 10 кВ шиналардан жергілікті тұтынушылар қоректенеді.

Қосалқы станцияның электр энергиясын тұтынушылардың негізгі құрамы:

- демалыс зоналары, ауыл елді-мекендері;
- коммуналды-тұрмыстық тұтынушылар.

8.1.3 Электр энергиясына тарифтері.

Қосалқы станция құрылысының нәтижесін бағалау үшін Ақтөбе облысы бойынша электр энергиясына тариф 1 кВ·сағ. қолданылады.

Тариф тура жүретін құрамдас бөліктерден құралады: электр станциясындағы электр энергиясының өндірісі, ЖШС Энергосистема жоғары вольтті тораптары бойынша тасымалдануы. Бұл шығыннан басқа, электрмен жабдықтайтын ұйымның шығыны да бар.

8.1.4 Өндірістің жобасы.

Құрылыс нормасына байланысты Донское – 2 қосалқы станциясының құрылысына кететін мерзім 12 ай деп қабылданды.

Донское – 2 қосалқы станциясының жылдық электр энергияның берілетін көлемі, шамамен 568,9 млн кВт*сағ. Берілетін электр энергияның көлемі орнатылған төмендеткіш трансформатордың есептеуінен, қуат коэффициенті, жүктеме коэффициенті және жобаланған қолданылатын сағат санымен анықталады.

Қарастырылып отырған энергообъектілердің құрылысы мен пайдаланылуы ұйымның өздік меншікті қаражат және ықтималды инвесторлардың қарыз капиталымен жүзеге асады.

Қосалқы станция құрылысы үшін жұмыс өндірісі мынадай бастапқы материалдар негізінде әзірленеді:

- бекітілген жобалық тапсырма;
- жұмыстық сызбалар мен сметалар;
- құрылыс ұйымының жобасы;
- құрылыс мерзімі;
- сатып алу өнімдер, құрылымдары, материалдар жобалары;
- машиналар мен механизмдердің болу туралы деректер;
- жұмыс күшінің және құрылыс ұйымдастыру құрылымы туралы деректер;
- метеорологиялық, топырақ және жер асты суларының, және гидрологиялық құрылыс жағдайлары;
- тән бағыттар;
- жеке процестерді механикаландыратын кешетін схемалар;
- әдеттегі орнату аспаптар мен жабдықтар;
- қосалқы станцияларды қайта құру үшін жерасты коммуналдық шаруашылық (кабельдер, жерге, мұнай суағарларды, сумен жабдықтау, кәріз) атқарушы сұлбалары.

8.1.5 Басқару орнының структурасы.

Жобаланатын энергообъекттің басқару орнының ұйымдық структурасы цехтік деп қабылданды. Жабдықтарды жөндеу, арматура және өткізгішт қосалқы станцияның жұмыс күштерімен орындалады. Атап айтқанда, күрделі жөндеу жұмыстары қызметкерлері мамандандырылған жөндеу ұйымдардың қолдауымен жүзеге асырылады.

8.1.6 Құқықтық жоспар.

Қарастырылып отырған энергообъектілердің құрылысы мен пайдаланылуы ұйымның өздік меншікті қаражат және ықтималды инвесторлардың қарыз капиталымен жүзеге асады

Қосалқы станцияның 100% акцисы ЖШС Энергосистема-ға тиесілі. Несие үшін сыйақы төлеу сұлбасы ,бірінші жылдан бастап 10% мөлшерде қабылдаймыз. Қалпына келтіру үшін несиемен АҚ Актобеэнерго қамтамасыз етеді және де несиелейтін уақыт мерзімі 10 жыл.

8.1.7 Экологиялық ақпарат.

Электр торабы орналасқан аумақтың экологиялық жағдайы санитарлық нормаларға сай келеді. Қосалқы станцияны салар кезде арнайы қоршаған ортаға аз зақым тигізетін аумақ таңдап алынды. Станция тұрғылықты үйлерден алшақ орналасқан, бірақ та, трансформатордың дауысын төмендететін шаралар қарастырылмаған.

Электр энергиясының беріліс процесі атмосфераға ешқандай зиянды қалдықтарсыз жүреді.

Қосалқы станцияның құрылысы және электр тораптарының орналасуы аумақтағы ешқандай экологиялық жағдайының нашарлауына әкелмейді.

8.2 Қосалқы станцияның техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің есептелінуі

110/10 кВ 2х25 МВА қосалқы станциясын дамыту қарастырылған. Бұл 110 кВ қосалқы станция үш энергия жүйесінен қоректенеді және ортанғы кернеуі жағынан 6 желі, төменгі кернеуден жергілікті тұтынушыларға 24 фидер шығып жатыр. Осы нұсқаға қажетті инвестицияны анықтаймыз. 2002 жылы 1 МВА энергия құны 20000 ш.б. құрады. Егер де біз инфляцияны 8% жылына деп есептесек, онда 2012 жылы 1МВА энергия құны шамамен 34000ш.б. құрайды. Сондықтан, қуаты 50 МВА болатын қосалқы станцияның құны:

$$К = S \cdot Ц_{МВА} = 50 \cdot 32000 = 160000 \text{ ш.б.} \qquad (8.1)$$

1,6 млн.ш.б. немесе 238,4 млн.теңге.

Жобалау, геологиялық, құрылғыны тасымалдау, электрмонтаж жұмыстары мен қосалқы станцияны орнатуға кеткен шығын сомасын электр желісін, электр қондырғысын іске қосу құруға кеткен шығындарды негізгі шығынның 30 % құрайды, яғни млн.теңге. Сонда барлық шығын:

$$\sum К = К + К_{доп} = 238{,}4 + 71{,}52 = 309{,}92 млн.теңге \qquad (8.2)$$

Зауыттың қосалқы станциясында қуатты 25 МВА екі трансформатор орнатылған. Сонда толық қуатымыз S=50 МВА болады. Cos φ=0,8 деп аламыз. Онда:

$$P = S \cdot \cos\varphi = 50 \cdot 0{,}8 = 40 МВт \quad (8.3)$$

Максимум қолдану сағат саны $Т_м$=4000 сағ. Осыдан:

$$W = P \cdot T_m = 40 \cdot 4000 = 160000 \text{ МВт.сағ} \quad (8.4)$$

Кәсіпорын шығындарына кіргізілетін амортизациялық аударылымдардың сомасы әртүрлі әдістермен анықталуы мүмкін. Егер жаңадан өндірілген өнімнің құнына біртекті берілетін негізгі қорлардың құнына тең болу шартынан шығатын болсақ, онда төмендегідей анықтауға болады

$$Z_{амр} = K \cdot \frac{h_0}{100} \quad (8.5)$$

мұндағы $А_{амр}$ – амортизациялық аударылымдар сомасы;

$Қ_{нқ}$ – негізгі қорлар құны;

h_0 – амортизациялық аударылымдар нормасы, %.

Амортизациялық аударылымдар нормасы негізгі қорлардың нысандарының әрқайсысы үшін олардың нормативтік қызмет ету мерзімдеріне байланысты орнатылады.

$$h_0 = 100 \cdot \frac{1}{t}$$

немесе

$$h_0 = \frac{С_{ныс} - С_л}{t} \cdot 100$$

мұндағы $С_{ныс}$ – негізгі қорлар нысандарының құны;

$С_л$ – нысанның ликвидациялық құны, өндірісте шығарылып тасталатын нысанды толығымен немесе бөлшектеп (материалдарын, бөлшектерін) сатудан түскен қаржы.

Негізгі қорлардың нысанның амортизацияланып бітпеген бөлігінің құны тозу мен моралдық тозу салдарынан нысан нормативтік мерзімнен ерте істен шығарылып тасталған кезде пайда болады. Ликвидациялық құн өндірістен шығарылатын нысанның оны сатып жібергеннен түскен қаржыны білдіреді.

Өндірістің тиімділігі негізі қорлардың ғылыми-техникалық деңгейіне байланысты ғана емес, сонымен қатар ғылым мен техниканың қазіргі заманғы

жетістіктеріне сәйкестігі және оларды өндірістік үрдісте толық қуатында пайдалануына да байланысты болады.

Эксплуатациялық шығындарды анықтайық. Амортизация жұмыстарына кеткен шығындарды есептейік. Ол барлық шығынның 45% құрайды:

$$Z_{амр} = K \cdot \frac{h_0}{100} = \frac{5 \cdot 309{,}92}{100} = 15{,}496 \ млн.тенге$$

Шығынның қалған 55% табамыз:

$$Z_{доп} = Z_{амр} \cdot \frac{55}{45} = \frac{15{,}496 \cdot 55}{45} = 18{,}939 \ млн.тенге$$

Толық шығын:

$$Z_{пол} = Z_{амр} + Z_{доп} = 15{,}496 + 18{,}939 = 34{,}435 \ млн.тенге$$

Осыдан өзіндік құнды табуға болады:

$$S = \frac{Z_{пол}}{W} = \frac{34{,}435}{160000} = 0{,}21 \frac{тенге}{кВт \cdot саг} \qquad (8.6)$$

Қорытынды тариф электр энергия транзиті қосалқы станция арқылы 10% кірісті ескерген кезде мына формуламен анықталады:

$$Ц_{ПС} = \left(S_{ПС} + 0{,}1 S_{ПС}\right) = 1{,}1 \cdot S_{ПС} = 0{,}2 \cdot 1{,}1 = 0{,}22 \ тенге/кВт \cdot саг \ . \qquad (8.7)$$

Маңғыстау облысындағы электр энергиясы 2012 жылдың көктем айларындағы орташа тарифіне сәйкес кВт/сағатына 10,88 теңгені құрайды. Қосалқы станцияның баға түрлену механизімін қарастырайық және оның құрамалары:

- электр энергияны сатып алу (3,97 теңге кВт/сағ);
- «Центральные межсистемные электрические сети» АО KEGOC тарифі (1 теңге кВт/сағ);
- «Қаражанбасэнергосистема» тарифі (2,97 теңге кВт/сағ);
- ЖШС «ЖАҢА» жеке тарифі (0,22 теңге кВт/сағ).

Онда қосалқы станцияның электр энергиясының өзіндік құны 8,16 теңге кВт/сағ құрайды. Электр энергияны тұтынушыларға 9 теңге кВт/сағ бағасымен сатқан кезде, онда ЖШС 0,84 теңге кВт/сағ көлемінде кіріс алады.

$$Ц = W \cdot T_э = 160000 \cdot 9 = 1440 \cdot 10^6 тенге$$

$$З_{эс} = W \cdot T_{эс} = 160000 \cdot 3{,}97 = 635{,}2 \cdot 10^6 \, тенге$$

Сонымен қатар тасымалдауға кеткен шығын, KEGOK желілері:

$$З_{нэс} = W \cdot T_{нэс} = 160000 \cdot 1 = 160 \cdot 10^6 \, тенге$$

«Қаражанбасэнергосистема» желілерімен тасымалдауға кеткен шығын:

$$З_{эс} = W \cdot T_{аэк} = 160000 \cdot 2{,}97 = 475{,}2 \cdot 10^6 \, тенге$$

ЖШС «ЖАҢА» компаниясының өзіндік шығыны:

$$З_{ао} = W \cdot T_{ао} = 160000 \cdot 0{,}21 = 33{,}6 млнтенге$$

Нарыққа төлемеген кездегі толық табыс:

$$Т = Ц - З_{эс} - З_{нэс} - З_{аэк} - З_{ао} = 1440 - 635{,}2 - 160 - 475{,}2 - 33{,}6 = 136 млн.тг$$

20% нарыққа кетсе, онда таза табыс:

$$ТТ = 0{,}8 \cdot Т = 0{,}8 \cdot 136 = 108{,}8 млн.тенге$$

8.3 Инвестициялардың қаржы-экономикалық тиімділік көрсеткіштері

NPV анықтау(таза әдеттегі құн).

Таза келтірілген табыс көрсеткіші (Net Present Value, NPV) капиталдық салымдар шамасын (Invested Capital, IC) келтіруге мүмкіндік береді. Болжау периодында олар шығаратын таза ақшалай түсімдердің жалпы сомасымен, және болашақта шығаратын инвестициялық жобадан уақытылы эффект шамасын сипаттайды. Ақшаның келуі уақытта таралған болғандықтан, ол r коэффициентінің көмегімен дисконтталады. R коэффициенті ереже бойынша инвестицияланған капитал бағасынан шығып орнатылады.

NPV немесе жобаның таза келтірілген құны зор белгі болып табылады. Ол арқылы берілген жобаны инвестициялау дұрыстығы (үнемділігі) ортаға салынады. NPV анықтау үшін жобаның әр жылында қаржылық ағындар шамасын болжау қажет, ал содан соң оларды уақыт бойынша салыстыру үшін ортақ бөлімге келтіру керек.

Берілген әдіс келесіден тұрады:

1) Керекті шығын бағасы анықталады, яғни берілген жоба үшін неше қаражат керек екені анықталады;

2) Жобадан келешекте түсетін ақшалай түсілімдердің қазіргі бағасы есептелінеді. Әр жылдағы табыс CF (кеш-флоу) қазіргі уақытта беріледі;

3)

$$PV = \sum_{1}^{n} \frac{CF_n}{(1+r)^n}, \tag{8.8}$$

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;

n – жобаны тарату жылдары;

r – банктің пайыздық қойымы.

4) Берілген шығын бағасы (I_0) берілген табыс бағасымен салыстырылынады. Олардың айырымы жобаның таза әдеттегі құнның бағасын береді.

Берілген жобаны тұтастай инвестициялауды бағалауды мына әдістермен жүргіземіз; таза әдеттегі құн (NPV). Инвестиция анализінің осы әдісі инвестициялаушы жобаны ұсыну нәтижесінде фирманың құндылығының өсу шамасын көрсетеді, ол екі сілтемеден тұрады:

1) Кез-келген өнеркәсіп өз құндылығының өсуіне ұмтылады;

2) Әр түрлі уақыттағы шығындардың бір келкі емес құндылығы болады.

NPV анықтау үшін жобаның әр жылдағы қаржы ағынының шамасын сараптау керек, сосын оларды уақыт бойынша теңестіру үшін жалпы бөлімге келтіру керек. Яғни V – бұл жобаны тарату барысында туындайтын ақша түсімдерінің қосындысы осы жобаны тарату үшін қажетті барлық шығындардың қосындысы арасындағы айырмашылық.

Таза келтірілген табыс көрсеткіші (Net Present Value, NPV) капиталдық салымдар шамасын (Invested Capital, IC) келтіруге мүмкіндік береді. Болжау периодында олар шығаратын таза ақшалай түсімдердің жалпы сомасымен, және болашақта шығаратын инвестициялық жобадан уақытылы эффект шамасын сипаттайды. Ақшаның келуі уақытта таралған болғандықтан, ол r коэффициентінің көмегімен дисконтталады. R коэффициенті ереже бойынша инвестицияланған капитал бағасынан шығып орнатылады.

NPV немесе жобаның таза келтірілген құны зор белгі болып табылады. Ол арқылы берілген жобаны инвестициялау дұрыстығы (үнемділігі) ортаға салынады. NPV анықтау үшін жобаның әр жылында қаржылық ағындар шамасын болжау қажет, ал содан соң оларды уақыт бойынша салыстыру үшін ортақ бөлімге келтіру керек.

Таза келтірілген құн былай анықталады:

$$NPV = \sum_{1}^{n} \frac{CF_n}{(1+r)^n} - I_0, \tag{8.9}$$

мұндағы CF – жыл сайынғы ақшалай түсім;

n – жобаны тарату жылдары;

I_o – толық қосынды инвестиция;

r – банктің пайыздық қойымы.

Есептеу NPV бірінші оң мәніне дейін жүргізіледі, яғни 5-жылға дейін. NPV нөлден жоғары, сәйкесінше, дисконттаудың берілген ставкасы кезінде жоба өнеркәсіп үшін тиімді (үнемді), себебі олар шығаратын cash-flow қазіргі уақыт моментінде табыстық нормадан шығып тұр.

8.2 кесте – Берілген нұсқа үшін NPV есебінің нәтижесі

жылдар	CF, млн.теңге	r (15%)	PV, млн.теңге	NPV, млн.теңге
0	-309,92	0,15	-309,92	-309,92
1	108,8	0,15	94,601	-215,319
2	108,8	0,15	82,268	-133,051
3	108,8	0,15	71,532	-61,519
4	108,8	0,15	62,206	0,687
5	108,8	0,15	54,102	53,415

Бұл есептеулер бойынша, банктің несие бойынша 15% үстемесін ескере отырып алынған қаражатты шамамен 3 жылда қайтаруға болатындығын көреміз

PP анықтау (орнын толтыру мерзімі)

Бұл әдіс бастапқы инвестиция сомасын төлеу үшін қажет мерзімді анықтау болып табылады. Орнын толтыру (PP) есебінің алгоритмі инвестициядан жекеленген кірісті бірдей таратумен тәуелді болады. Егер кіріс бірдей таратылса, онда төлеу мерзімі бір уақыттағы шығынды жылдық кіріс шамасына болумен есептеледі.

$$PP = \frac{I_o}{CF} \tag{8.10}$$

$$PP^1 = \frac{I_0}{CF} = \frac{309,92}{108,8} = 2,84 \approx 3 жыл$$

Осылайша, жобаға жүргізілген қаржы – экономикалық талдау жобаның инвестициялық тартымды болып табылатынын көрсетеді. Өзін өтеу мерзімі өтеудің орташа өтелу көрсеткіштері шегінде жатады және 3 жылды құрайды. ҚС құрылысы өнеркәсіпке сезілетін табыс әкелетін қосымша қуатты беруге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Бұл дипломдық жобада Ақтөбе облысынындағы 220 кВ электртораптары туралы сұрақ , сонымен қатар, аумақты берікті электр энергиясымен жабдықтау үшін электр беріліс желілерінің нұсқасы және 220/110/10 кВ қосалқы станциясы қарастырылды. Бұл жұмысты жобалаған кезде, келесі электрлік қондырғылар таңдалды: автотрансформаторлар, ажыратқыштар, бөлгіштер, ток және кернеу трансформаторлары. Жоғары берікті қондырғыларды қолдануға, апаттық жағдайларды төмендетуге, қосалқы станциядағы қауіпсіздікті арттыруға , құрылыстық-монтаждық жұмыстарға жұмсалған капиталды қаражат және құрылыс мерзімін төмендетуге өте көп көңіл бөлінді.

Дипломдық жобада құрастырылып отырған электр беріліс желілері және қосалқы станция бойынша қажетті есептеулер жүргізілді. Қарастырылып отырған тораптың максималды және минималды режимдері RASTR программасында қарастрылды. Сонымен қатар, кернеу шығындарын және тұтынушыларды берікті электр энергиясымен жабдықтау үшін апаттық жағдайдағы есептеу жүргізілді.

Берілген аумаққа орынбасу сұлбасы тұрғызылды. TKZ-3000 программасында қысқа тұйықталу тоғына есептеу болды, бұл тоқтар бойынша қосалқы станцияның кондырғылары таңдалынды.

Экономикалық бөлімінде қосалқы станцияның техникалық-экономикалық дәйектемесі қарастырылды. Жалпы жоба экономикалық бағаға ие болып, қосалқы станция қондырғыларына жұмсалған капиталдық қаражат анықталды. Содан кейін, жұмсалған қаражаттық экономикалық тиімділігіне және өтелетін мерзіміне есептеулер болды. Сонғы бөлімінде, қаржылық-экономикалық көрсеткіші бойынша жоба шамамен 6 жылда өтеледі.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде қосалқы станциясында атмосфералық зиянды заттармен танысып, оларды төмендету шаралары қарастырылды. Диспетчерлік пункттің жасанды жарықтандыруына, қадамдық кернеуге байланысты есептеулер бар. Сонымен қатар, қосалқы станцияның өрт және электр қауіпсіздігіне сай , апаттық жағдайды болдырмау үшін шаралардың көп түрі қарастырылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Л.Д.Рожкова., В. С. Козулин. Электрооборудование станций и подстанции. Энергоатомиздат. 1987.

2. Идельчик. В. И. Электрические системы и сети М; Энергоатомиздат, 1989.

3. Неклепаев. Б. Н., Крючков. И.П. Электрическая часть электростанции и подстанции: Справочные материалы для курсового и дипломного проектирования. М; Энергоатомиздат, 1989.

4. Веников. В.А. Переходные электромеханические процессы в электрических системах. М: Высшая школа, 1985.

5. Георгиев. Ю. Ф., Яхьяев. Э. А. Единые правила графического оформления студенческих работ. Методические указания к выполнению семестровых заданий, курсовых работ и дипломных проектов. Часть 1и 2, А., 1993.

6. Гук. Ю. Б., Кантан. В. В., Петров. С. С. Проектирование электрической части станций и подстанций. Л: Энергоатомиздат, 1985,

7. Крючков. К. П., Новгородцев. Б. П. Конструкции и механический расчёт линий электропередачи. Л, Энергия, 1979.

8. Околович. М. Н. Проектирование электрических станций. М. Энергия 1982

9. Пособие к курсовому и дипломному проектированию для электроэнергетических специальностей вузов /под. Ред. В.М.Блок,/ М; Высшая школа. 1990.

10. Правила устройства электроустановок Минэнерго СССР 6-е изд, переработанное и доп. М; Энергоатомиздат. 1986.

11. Проектирование линий электропередачи сверхвысокого напряжения / Г.Н.Александров., В. В. Ершович., С.В. Крылов и др.; Под. ред. Г.Н.Александрова и Л. Л. Петерсона., Л. Энергоатомиздат, 1983.

12. Справочник по проектированию электроэнергетических систем /под. Ред. С. С. Рокотяна и И.М.Шапиро. М: Энергоатомиздат. 1985.